

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы»
акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің
2006 жылғы «05» шілдедегі № 5 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-да
қарыз алушылардың өмірін және еңбекке қабілеттілігін
мерзімді сақтандыру қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-да қарыз алушылардың өмірін және еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар банктер мен өзге де кредиттік ұйымдар қарыз алушыларының өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыруды жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарын және қарыз алушы мен кредиттік ұйым арасындағы қарыз шартында көзделген, бірақ жиырма жылдан аспайтын мерзімге қарыз алушылармен сақтандыру шарттарын жасасу тәртібін, сондай-ақ қосымша сақтандырумен сақтандыру шарттарын жасасу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру шарты жасалған Сақтандырылушыға немесе оның пайдасына сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға. Сақтандырушы сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға ғана бола алады.

Осы Қағидаларға қатысты сақтандырушы - «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ.

2) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан жеке тұлға.

3) **Сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын 16 жастан 60 жасқа дейінгі жеке тұлға. Бұл ретте Сақтандырылушының жасы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін 65 жастан аспауға тиіс.

Осы Қағидаларға қатысты Сақтандырылушы онымен қарыз шартын жасасқан кредиттік ұйымның қарыз алушысы – клиенті болып табылады. Сақтандырылушыны ауыстыруға жол берілмейді.

4) **Пайда алушы** – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын заңды немесе жеке тұлға.

Осы Қағидаларға қатысты Сақтандырылушы қарыз шартын жасасқан, ақшалай нысанда қарыз беруге уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы бар банк немесе өзге де заңды тұлға (кредиттік ұйым) не қарыз шартына сәйкес қарыз алушының міндеттемелері бойынша кепілдік беруші немесе кепілгер болып табылатын тұлға пайда алушы болып табылады.

5) **Қарыз шарты** – оған сәйкес бір тарап (қарыз беруші) екінші тарапқа (қарыз алушыға) ақша беретін немесе беруге міндеттенетін, ал қарыз алушы қарыз берушіге Қарыз шартында айқындалған мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сыйақы төлей отырып, осындай соманы уақтылы қайтаруға міндеттенетін келісім.

6) **Қарыз алушылардың өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыру шарты** (бұдан әрі – сақтандыру шарты) – екі жақты келісім, оған сәйкес бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға сақтандыру шартында айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

7) **Сақтандыру полисі** – Сақтандырушы Сақтанушыға беретін және сақтандыру шарты болып табылатын құжат.

8) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

9) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.

10) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

11) **Сақтандыру жағдайы** – оның басталуымен сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

12) **Сақтандыру объектісі** – қарыз алушының кредиттік ұйымда алынған қарыз сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындауына байланысты оның өмірі мен денсаулығына байланысты мүлкітік мүдделері.

13) **Жазатайым оқиға** – Сақтандырылушының бақылауынан тыс болған және Сақтандырылушыға дене жарақатын келтіруге әкеп соққан адам организміне кенеттен, күтпеген, қысқа мерзімді сыртқы әсер ету.

14) **Мүгедектік** – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін, дене функцияларының тұрақты бұзылуымен денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесі. Осы Қағидаларда мүгедектік деп Сақтанушыға белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік түсініледі.

3-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

5. Қарыз алушыны сақтандыру шарты осы Қағидаларға қосылу және сақтандыру полисін беру арқылы жазбаша нысанда жасалады.

6. Сақтандырушының атынан сақтандыру полисіне Сақтандырушының Басқарма Төрағасы немесе Сақтандырушының атынан осындай құжаттарға Басқарма төрағасы қол қойған сенімхат негізінде қол қоюға уәкілетті Сақтандырушының қызметкері қол қоюға құқылы. Сақтандырушының атынан сақтандыру полисіне және оған қосымшаларға сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінің қол қоюға құқығы жоқ.

7. Сақтандыру шарты Сақтанушының, Сақтандырылушының және пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, Сақтанушы Сақтандырушыға ұсынған, Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша қарыз алушылардың өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыруға өтінішінің негізінде жасалады.

Сақтанушыдан қарыз алушылардың өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыруға өтініш алғаннан кейін Сақтандырушы сақтандырылатын адамға оның денсаулығының нақты жай-күйін бағалау үшін медициналық тексеру жүргізуге құқылы.

8. Сақтандыру шарты бірінші немесе екінші топтағы мүгедектермен, психикалық, онкологиялық, ЖИТС-пен ауыратын, АИТВ-инфекциясын тасымалдаушылармен жасалмайды. Оған сәйкес осы тармақта көрсетілген адам сақтандырылған болып табылатын сақтандыру шарты осындай сақтандыру шарты жасалған сәттен бастап жарамсыз болып табылады, ал төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтаруға жатады.

9. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын айқындау үшін өзіне белгілі, елеулі мәні бар мәліметтерді сақтандыру туралы өтініште хабарлауға міндетті. Осы сақтандыру қағидаларында нақты айтылған, Сақтандыруға арналған өтініште немесе сақтандыру шартын жасасу кезеңінде Сақтанушыға жіберілген Сақтандырушының жазбаша сұрау салуында көрсетілген мәліметтер елеулі деп танылады.

10. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген салдарларды қолдануды талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы үнсіз қалдырған жағдайлар жоғалып кетсе, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

11. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыруға өтініш, Сақтанушының сақтандыру полисін алғаны туралы хабарлама және осы сақтандыру қағидаларында көрсетілген құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

4-тарау. Медициналық тексеру

12 Сақтандырушының сақтандыру шартын жасар алдында денсаулығының нақты жай-күйін анықтау мақсатында сақтандырылатын адамды (сақтандырылушыны) медициналық тексеруге жіберуге құқығы бар.

Сақтандырылатын адам (сақтандырылушы) жіберілетін мекемені Сақтандырушы айқындайды.

13. Сақтандырылушы сақтандыру шартын жасасқаннан кейін, бірақ сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандыру тәуекелінің жоғарылау дәрежесін айқындау мақсатында медициналық тексеруге жіберілуі мүмкін.

14. Медициналық тексеру сақтандыру шарты жасалғанға дейін сақтандырылатын адамның (сақтандырылушының) есебінен жүзеге асырылады, бұл ретте сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтандырушы медициналық қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін Сақтандырылушыға медициналық тексерудің құнын өтейді. Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін медициналық тексеру соңғы сақтандыру сыйлықақысы төленген немесе бірінші сақтандыру жарнасы жүзеге асырылған жағдайда Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

15. Медициналық тексеру Сақтандырушы көрсеткен мерзімде жүргізіледі.

16. Сақтандырылатын адамның (сақтандырылушының) кез келген уақытта медициналық тексеруден өтуден бас тартуы, сол сияқты Сақтандырушыға тексеруден өтудің мүмкін болмағанының дәлелді себептерін ұсынбауы Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасудан бас тартуына, ал егер ол жасалған болса – сақтандыру шартын бұзуға және Сақтандырушыны өз міндеттемелерін орындаудан босатуға әкеп соғады.

5-тарау. Сақтандыру жағдайы

17. Осы Қағидаларға сәйкес кез келген себеппен болған Сақтандырылушының қайтыс болуы қарыз алушының өмірін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.

6-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

18. Сақтандыру шарты тараптар қол қойғаннан және сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын төлегеннен кейін, ал бөліп төлеген жағдайда – бірінші жарнаны төлегеннен кейін күшіне енеді және сақтандыру жағдайының басталуымен және соған байланысты тараптардың осы сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерінің орындалуымен не оның қолданылу мерзімінің аяқталуымен тоқтатылады.

19. Сақтандыру шарты сақтандыру полисінде (сақтандыру мерзімінде) көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

20. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданылады.

7-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі

21. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандырушының тарифтері негізінде есептеледі.

22. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы осы Қағидаларда және сақтандыру шартында көзделген шарттарда төлейді.

23. Сақтандыру сыйлықақысы бір рет және мерзімді сақтандыру сыйлықақылары түрінде бөліп төленуі мүмкін.

24. Сақтандыру жарналары сақтандыру полисінде көрсетілген орналасқан жері бойынша Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен, Сақтандырушының банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен төленуі мүмкін.

25. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы бірнеше кейінгі кезең үшін сақтандыру жарналарын енгізуге құқылы. Сақтанушы Сақтандырушымен келісу бойынша оларды төлеу тәртібін өзгертуге құқылы, ол Сақтандырушыға өтініш беру және жаңа сақтандыру полисін беру жолымен ресімделуге тиіс.

26. Сақтандыру сыйлықақысын ұлғайту немесе азайту жағына қарай қайта есептеу жаңа сақтандыру полисін беру жолымен ресімделеді.

27. Егер сақтандыру жағдайы енгізілу мерзімі өткен белгілі бір сақтандыру жарнасы төленгенге дейін орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде Сақтанушының берешек сомасын ұстап қалуға құқылы.

28. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелі дәрежесі өзгерген кезде Сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекел дәрежесінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуді осындай өзгертуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

29. Егер кезекті сақтандыру жарнасы белгіленген мерзімде енгізілмесе, онда Сақтандырушы Сақтанушыға жазбаша хабарлама жібереді, онда:

- сақтандыру сыйлықақыларын төлеу қажет кезең (сақтандыру сыйлықақысын кейінге қалдыру кезеңі);

- сақтандыру жарналарын мерзімін өткізіп төлегені үшін өсімпұл (өсімпұл төленген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін есептеледі);

- сақтандыру сыйлықақысын кейінге қалдыру кезеңі ішінде сақтандыру жарналары төленбеген жағдайда Сақтандырушының сақтандыру шартының қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату құқығы қамтылады.

30. Сақтандыру жарналарын төлеу қажеттілігі туралы хабарлама Сақтанушыға хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.

31. Сақтанушыдан оның себептерін көрсете отырып, кезекті сақтандыру жарналарын төлеуді кейінге қалдыру туралы өтініш алған кезде Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуді кейінге қалдыруға құқылы. Бұл ретте кейінге қалдыру кезеңі күнтізбелік 30 күннен кем болмауға және Сақтандырушы белгілеген мерзімнен аспауға тиіс. Егер Сақтанушы Сақтандырушы белгілеген мерзімде мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысын төлемесе, сақтандыру шарты бұзылады, бұл туралы пайда алушыға хабарланады, ал бұрын төленген сақтандыру жарналары қайтарылмайды.

32. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы берешек сомасын ұстап қалып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

8-тарау. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың сақтандыру сомасы, мөлшері, тәртібі мен шарттары

33. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімімен айқындалады және сақтандыру полисінде көрсетіледі.

34. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырылушының (қарыз алушының) қарызды пайдаланғаны үшін пайыздарды ескере отырып, сақтандыру жағдайы басталған кездегі пайда алушы (кредиттік ұйым) алдындағы нақты берешегінің мөлшеріне тең болады. Сақтандырылушының қарыз шарты бойынша төлемдерді төлемегені немесе уақтылы төлемегені үшін өсімпұл, тұрақсыздық айыбы, айыппұл сомалары сақтандыру төлемінің мөлшеріне қосылмайды.

35. Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру төлемі, егер сақтандыру жағдайы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде орын алса, жүргізіледі.

36. Сақтанушы сақтандыру төлемін пайда алушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде бір рет, Сақтандырушыға осы Қағидалардың 39, 40-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін жүзеге асырады.

37. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру не жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім сақтандыру жағдайы басталған кезде барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 25 (жиырма бес) банктік күннен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Сақтандыру төлемі оң шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде пайда алушының банктік шотына немесе Сақтандырушының орналасқан жері бойынша қолма-қол ақша аудару жолымен жүргізіледі.

38. Бас тарту туралы шешім Сақтанушыға және/немесе пайда алушыға осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген тәртіппен және мерзімде бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен жазбаша нысанда хабарланады.

9-тарау. Сақтанушының (пайда алушының) сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері

39. Сақтандыру жағдайы - Сақтандырылушының қайтыс болуы басталған кезде сақтандыру мерзімі кезеңінде күнтізбелік 30 күн ішінде Сақтандырушыға мынадай құжаттар ұсынылуға тиіс:

- сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтініш;
- сақтандыру полисі;
- қарыз шартының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- негізгі борыш сомасын, Сақтандырылушы жүргізген төлемдердің мерзімдері мен мөлшерін көрсете отырып, сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтандырылушының пайда алушы алдындағы нақты берешегін айқындайтын құжат (анықтама немесе кредиттік ұйымның хаты);
- АХАЖ органдары берген Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы дәрігерлік куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- өлім себептері туралы патологиялық-анатомиялық (сот-медициналық) сараптама қорытындысының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- егер Сақтанушының қайтыс болуының себебі қандай да бір ауру болса, ауру тарихынан үзінді көшірме.

40. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушының жазатайым оқиға фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы сондай-ақ қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулыны не құқық қорғау органдарының қылмыстық іс қозғау туралы қаулысын немесе аталған органдардың немесе соттың қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысын не сот үкімін талап етуге құқылы. Егер сақтандыру жағдайы фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған болса, онда Сақтандырушының уәкілетті орган шешім қабылдағанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға құқығы бар.

41. Сақтанушы, пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайларын тергеуге жәрдемдесуге, сондай-ақ сақтандыру шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру тәуекеліне, сақтандыру жағдайына және оның салдарына қатысты дұрыс ақпарат пен қажетті құжаттарды беруге міндетті.

10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

42. Сақтандырушының:

- сақтандыру жағдайының басталуын құжаттамалық растауға;
- сақтандыру жарналарын кешіктіріп төлегені үшін өсімпұл алуға (өсімпұл төленген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін есептеледі);
- Сақтанушы өз міндеттерін заңнамада белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар.

43. Сақтанушының:

- сақтандыру сомасының мөлшерін өзгертуге;
- сақтандыру шартын уақтылы алуға;
- сақтандыру құпиясына;
- пайда алушыға сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асыруға;
- қарыз алушылардың өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыру қағидаларымен танысуға құқығы бар.

44. Сақтандырушы:

- Сақтанушыны осы сақтандыру қағидаларымен таныстыруға;
- сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Қағидаларда және сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

45. Сақтанушы:

- сақтандыру сыйлықақыларын осы Қағидаларда және сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын бағалау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға, сондай-ақ сақтандыру шартын

жасасқаннан кейін сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға қабілетті барлық фактілер туралы хабарлауға;

- Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде оның басталғаны туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

11-тарау. Қосымша сақтандыру өтемімен сақтандыру шартын жасасу ерекшеліктері

46. Сақтандыру шартын жасасу кезінде осы Қағидаларда көзделген қарыз алушының өмірін мерзімді сақтандырудың негізгі шарттарынан басқа, тараптар осы тараудың ережелеріне сәйкес қосымша сақтандыру өтемінің шарттарын көздеуі мүмкін.

47. Осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілгендерден басқа, қосымша сақтандыру өтемі кезіндегі сақтандыру жағдайы Сақтандырылушыға жазатайым оқиға немесе ауру салдарынан бірінші және екінші топтағы мүгедектікті белгілеу болып табылады. Бұл ретте жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушыға мүгедектікті белгілеу сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін жазатайым оқиға болған жағдайда ғана сақтандыру жағдайы деп танылады.

48. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сұратылған қосымша сақтандыру өтемі туралы сақтандыру өтінімінде белгі қояды, ал Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыға берілетін сақтандыру полисінде белгі қояды.

49. Сақтандыру жағдайы— жазатайым оқиға немесе ауру салдарынан Сақтандырылушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі басталған кезде сақтандыру шартында қосымша сақтандыру өтемінің талаптары болған кезде Сақтандырушыға:

- сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтініш;
- сақтандыру полисі;
- қарыз шартының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- Сақтандырылушының негізгі борыш сомасын, Сақтандырылушы жүргізген төлемдердің мерзімдері мен мөлшерін көрсете отырып, сақтандыру жағдайы басталған кездегі пайда алушы алдындағы нақты берешегін айқындайтын құжат (анықтама немесе кредиттік ұйымның хаты);
- Сақтандырылушының мүгедектік дәрежесін белгілеу туралы уәкілетті органның қорытындысы (медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы);
- егер Сақтандырылушының мүгедектігін анықтауға қандай да бір ауру себеп болса, ауру тарихынан үзінді көшірме ұсынылады.

50. Егер қайтыс болу немесе жазатайым оқиға фактісі бойынша уәкілетті органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы немесе оны қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының немесе сот үкімінің көшірмелерін сұратуға немесе көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсыну туралы уәкілетті органдарға сұрау салуға құқылы. Егер жазатайым оқиға фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалса, онда Сақтандырушы уәкілетті орган шешім қабылдағанға дейін Сақтанушыны сақтандыру сыйлықақысын төлеуден босату туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы.

51. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы– жазатайым оқиға немесе ауру салдарынан бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік басталған кезде қосымша сақтандыру өтемінің талаптары болған кезде – Сақтандырушы мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүргізеді, оларды төлеу тәртібі Сақтандырылушы мен пайда алушы арасындағы қарыз шартының талаптарына сәйкес төлемдерді төлеу тәртібіне сәйкес келеді.

52. Сақтандырушы кез келген уақытта мерзімді төлемдер түріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асыруды мөлшері осы Қағидалардың 34-тармағының ережелеріне сәйкес айқындалатын біржолғы сақтандыру төлеміне ауыстыруға құқылы.

53. Осы Қағидалардың 12-тарауында санамаланған негіздерден басқа, Сақтанушы жазатайым оқиға салдарынан мүгедек болған жағдайда мыналардың:

жаттығу мақсатында жол жүруді қоса алғанда, мақсаты ең жоғары жылдамдыққа қол жеткізу болып табылатын моторлы көлік құралының жүргізушісі, екінші жүргізушісі немесе жолаушысы ретінде жарысқа байланысты іс-шараларға қатысу, ұшу аппараттарында ұшу (лицензияланатын авиакомпанияның жолаушылар әуе кемелерінде жолаушы ретінде ұшуды қоспағанда), спорттың қауіпті түрлерімен айналысу (аң аулау, аңшылық, ат жарысы, жартасқа өрмелеу немесе қайық жарысы, шаңғы спорты түрлері) салдарынан жазатайым оқиғаның басталуы болып табылады.

54. Жазатайым оқиға салдарынан мүгедектік белгіленген жағдайларды қоспағанда, егер Сақтандырылушының мүгедектігі сақтандыру шартының үздіксіз қолданылуының алғашқы күнтізбелік 180 (бір жүз сексен) күні ішінде басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық бас тартуға құқылы.

55. Жазатайым оқиға басталғаннан кейін немесе Сақтандырылушының мүгедектігін анықтауға әкеп соққан ауру болған кезде Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша тиесілі сақтандыру жарналарын төлеуді Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдағанға дейін жалғастыруға міндетті. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі кезең үшін төленген сақтандыру сыйлықақыларын қайтаруға міндетті.

56. Сақтандырылушының мүгедектігін қайта куәландырған жағдайда Сақтандырушы қайта куәландыру туралы құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды жалғастыру немесе жалғастырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

57. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруды тоқтатуға құқылы, бұл туралы Сақтандырылушы мен пайда алушыны:

- 1) Сақтанушының қарыз шарты бойынша берешегін өтеу;
- 2) Сақтандырылушыны оңалту және оның мүгедектігін тоқтату;
- 3) Сақтандырылушының жалдау бойынша немесе дара кәсіпкер ретінде қызметті жүзеге асыруы;
- 4) Сақтанушы 65 жасқа толған кезде хабардар етеді.

58. Сақтандыру шартында қосымша сақтандыру өтемінің талаптары болған кезде және сақтандыру жағдайы басталған кезде – жазатайым оқиға немесе ауру салдарынан Сақтандырылушының мүгедектігі болған кезде Сақтандырушы:

- кез келген уақытта Сақтанушының денсаулық жағдайы туралы анықтаманы және қайта куәландыру нәтижелерін талап етуге;

- жылына бір реттен жиі емес Сақтандырушының есебінен (егер Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, көлік шығыстарын қоспағанда) Сақтандырушы белгілеген дәрігерлердің, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген мүгедектік тобын тексеру және оның еңбекке жарамсыздығын және кредиттік ұйым алдындағы міндеттемелерді өз бетінше орындау мүмкіндігінің болмауын растау үшін Сақтандырушыны қосымша медициналық тексеруден өткізуге құқылы.

59. Өзіне қатысты мүгедектік белгіленген Сақтанушы:

1) дәрігерлерге, медициналық мекемелерге және өзге де адамдарға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеру үшін қажетті құжаттарды (анықтамаларды, қорытындыларды және т. б.) оның сұрау салуы бойынша Сақтандырушыға беруге өкілеттік беруге;

2) тексеруші және емдеуші дәрігерлердің нұсқауларын орындауға міндетті.

12-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

60. Егер сақтандыру жағдайы:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;

2) әскери іс-қимылдар;

3) азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;

4) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;

6) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрі-дәрмектерді пайдалануды қоспағанда, Сақтандырылушының алкогольдік ішімдіктерді теріс пайдалануы, Сақтандырылушының есірткі немесе психотроптық заттарды пайдалануы салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

61. Сақтандырушы сондай-ақ мынадай:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандырылушы, оның денсаулық жағдайы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі;

2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруде кедергі келтіруі;

3) Сақтандырушының Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы ол басталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде хабардар етпеуі;

4) қарыз шартында немесе заңнамада көзделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінен қарыз шарты бойынша Сақтандырылушының берешегін өтеу жағдайларында сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босатылады.

62. Егер сақтандыру шартының үздіксіз қолданылуының алғашқы екі жылы ішінде келесі оқиғалардың:

- 1) Сақтанушының өз-өзіне қол жұмсауы немесе өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері;
- 2) АИТВ-инфекциясы аурулары;
- 3) қатерлі ісіктің пайда болуымен байланысты аурулар нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде сақтандыру жағдайы орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық бас тартуға құқылы.

13-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату және бұзу

63. Сақтандыру шарты:

- сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін;
- Сақтандырылушының қарыз шарты бойынша пайда алушы алдындағы өз міндеттемелерін орындауы;
- Сақтандырушының орын алған сақтандыру жағдайы бойынша пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындау;
- Сақтандырылушының еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіру (мүгедектікті оңалту) немесе оған қарыз сомасын өтеу жөніндегі міндеттерді өз бетінше орындауға мүмкіндік беретін табыс алу кезінде тоқтатылады.

64. Сақтандыру шарты төленген сақтандыру сыйлықақысын қайтармай оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін:

- Сақтанушының өтініші бойынша;
- Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауына байланысты Сақтандырушының талабымен бұзылуы мүмкін.

65. Сақтандыру шартын бұзу ниеті туралы Сақтанушы мен Сақтандырушы бір-бірін, сондай-ақ пайда алушыны жазбаша түрде болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын хабардар етуге міндетті.

14-тарау. Қорытынды ережелер

66. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар жаңа сақтандыру полисін беру арқылы ресімделеді.

67. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде туындайтын барлық даулар келіссөздер жолымен шешіледі.

68. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

69. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарлар, түсініктемелер жазбаша нысанда орындалуға және басқа тарапқа тікелей берілуге немесе оның жөнелтілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуге тиіс.

70. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген кезде Сақтанушы мен Сақтандырылушы олардың адресін Сақтандырушыға он күн мерзімде хабарлауға

міндетті. Олай болмаған жағдайда, Сақтандырушының бұрынғы орналасқан жеріне немесе тұрғылықты жеріне жіберілген кез келген хабарламасы тараптар орындаған (жарамды) болып саналады.

71. Егер Сақтанушының немесе Сақтандырылушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, онда аталған адамдар Сақтандырушыға Сақтанушыға немесе Сақтандырылушыға хат-хабарды жеткізуге жауапты Қазақстан Республикасында сенім білдірілген адамды көрсетуге міндетті.

72. Сақтандыру полисі жоғалған кезде Сақтанушы Сақтандырушыны хабардар етуге және телнұсқа алуға өтініш жазуға міндетті. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін жоғалған сақтандыру полисі жарамсыз болады.